

Алматы қаласында "Ана" ескерткішін орнату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қарашадағы N 1108 Қаулысы

Аналарды мәңгі есте қалдыру, әйел-аналардың рөлін асқақтату мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен "Ана" қоғамдық қорының Алматы қаласында әйел-анаға арналған ескерткіш (бұдан әрі - ескерткіш) орнату туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Алматы қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) ескерткіштің құрылысына жер учаскесін бөліп беруді жүргізсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Ескерткішті орнату "Ана" қоғамдық қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылатындығы назарға алынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі